

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Длина листьев у сорта «Корнетто» в условиях 150 мМ раствора в 1,2 раза меньше, чем в контрольных условиях. Длина листьев у сорта «Айна» в условиях 150 мМ раствора NaCl в 1,2 раза меньше, чем в контрольных условиях.

Таким образом, в результате проведенных экспериментов на изучение влияния NaCl на прорастание семян 5 сортов пшеницы, было установлено, что сорт «Корнетто» демонстрирует более высокий показатель всхожести в условиях засоленности, в отличие от сорта «Рустикано». Тем не менее, при изучении влияния засоленности на рост и длину пшеницы было обнаружено, что сорта «Челяба» и «Ясенка» отличаются большей длиной листьев в условиях засоленности в отличие от сорта «Рустикано». Согласно полученным результатам, сорт «Рустикано» является наиболее чувствительным к солевому стрессу, что проявляется в меньших показателях всхожести и роста. Эти результаты могут быть использованы для выбора наиболее стрессоустойчивых сортов пшеницы для посева на посевных площадях, подверженных засолению, что важно для повышения урожайности и качества сельскохозяйственных культур в регионах с засоленными почвами.

Список использованных источников

1. Иванищев В., Евграшкина Т., Бойкова О. Засоление почвы и его влияние на растения // Известия Тульского государственного университета. Науки о земле, 2020 (3), с. 28-42.
2. Тенденции развития агропромышленного комплекса в Казахстане/Современное состояние аграрного рынка Костанайской области" // 2015-07-02.

ӘОЖ 34.39.15

БІЛІМ АЛУШЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БИОЛОГИЯ БАҒЫТЫ БОЙЫНША МЕТОДИКАНЫ ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАБЫЛДАУ ЖАҒДАЙЫН ЗЕРТТЕУ

Нәлібаева Мөлдір Қанатқызы

Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,

Астана қаласы, Қазақстан

(E-mail: moldir_995@mail.ru)

Ғылыми жетекшісі - Атаева Г.М.

Аннотация. Бұл мақалада оқушылардың – адам дамуының жасөспірімдік кезеңнен дербес ересектік (пісу) кезеңіне өтуіне сәйкес келетін кезең туралы зерттеу жұмысы жүргізіледі. Студенттік шақ тұлғалану кезеңінің соңғы кезеңі болып саналады. Методикалық функциялардың негізінде жатқан нейродинамикалық процестердің даму ерекшеліктерін және олардың студенттердің білім сапасына әсерін зерттеу мәселесі психологиялық білім жүйесіндегі негізгі және жеткіліксіз зерттелген мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан қазіргі жағдайда жоғары оқу орындарында білім беру процесі дені сау, күйзеліске төзімді және тиімді тұлғаны қалыптастыруға бағытталуы және оқушыларлардың жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен, мектептерде оқу жағдайына оқушыларлардың психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеу мәселелері өзекті және әрі қарай зерттеуді қажет етеді.

Түйін сөздер: психофизиология, оқушылар, методика, жоғарғы оқу орны, мамандық, биология.

Кіріспе. Біздің қоғамдағы жастар, атап айтқанда, оқушылар тобы ерекше әлеуметтік топты құрайды. Оқушыларлар мәселесі ұзақ жылдар бойы әртүрлі ғылымдар мен зерттеушілердің зерттеу объектісі болды [1]. Оқушы кезеңі – адам өмірінің ерекше кезеңі [2]. Оқушылардың маңызды әлеуметтік белгісі олардың іс-әрекетінің сипаты, қызығушылықтары,

зиялы қауым мен мамандардың әлеуметтік тобына бағыттылығы жағынан жақындығы болып табылады [3].

Зерттеу жұмысының мақсаты биология пәні бойынша білім алушы оқушыларлардың методикалық жолмен дамуының психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеу

Жұмыстың міндеттері:

1. Әр түрлі сыныпта білім алушы оқушыларлардың психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеу

2. Әр түрлі сыныпта білім алатын 9 сынып оқушыларының мансап жүргізу ерекшеліктерін анықтау.

3. Әр түрлі тәуелділікке бейімділікті сараптау.

Зерттеу нысаны - Биология білім беру бағдарламасының 9 сынып оқушылары, 10 оқушы, оның 5-уі қыздар, 5-уі ер балалар. Сонымен бірге, 9 Ә сынып – математика сабағы бойынша білім алатын оқушылар, 10 студент, оның 5-уі қыздар, 5-уі ер балалар.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы:

Зерттеу нәтижелері мектепте әртүрлі сыныпта білім алушы оқушылардың психофизиологиялық жағдайын анықтау кезінде, жеке немесе топтық жұмыс жүргізгенде, жас ерекшеліктерінің әртүрлі кезеңдерінде пайдалануға болады.

Зерттеудің методологиясы мен әдістері

Әртүрлі сыныпта білім алушы оқушылардың психофизиологиялық жағдайына зерттеу жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде – №67 гимназиясында білім алушы оқушылар алынды. Барлығы 9 сынып оқушылары, ішінен 20 адам электронды тестілеуден өтті. Биология білім беру саласы бойынша 10 оқушы, оның 5-уі қыздар, 5-уі ер балалар. Математика сабақтары бойынша, оның 5-уі қыздар, 5-уі ер балалар. Жаратылыстану және техникалық білім беру бойынша оқитын оқушылардың нейродинамикалық процестерін салыстырмалы талдау жеке көрсеткіштер бойынша ұқсастықғы мен айырмашылығын зерттеу. Әртүрлі сабақта қыздар мен ұлдардың жүйке процестерінің қозғалғыштығы бүкіл оқу барысында ерекшелігін анықтау.

Бұл бағдарлама екі блоктан тұрады:

1. Тәуелді мінез-құлыққа бейімділік пен жеке потенциалды бағалау. Бұл блокқа мыналар кіреді: Әртүрлі тәуелділікке бейімділік диагностикасының әдістемесі (Г.В.Лозовая) [4], Э.Динердің өміріне қанағаттану шкаласы, мансап зәкірлері сауалнамасы, өзін-өзі анықтау С.Д.Осин, өмір сапасы мен қанағаттану сауалнамасы (М.Рицнер және т.б.). Әлеуметтік-психологиялық бейімделуді бағалау. Бұл блокқа мыналар кіреді: Кеттеллдің сауалнамасы [5].

2. Тест нәтижелерін өңдеу кезінде сауалнаманың жеті шкаласы бойынша орташа баллды есептеу қажет [6]:

1. Коммуникативтік мотивтер – қарым-қатынас қажеттіліктерімен байланысты;

2. Сәтсіздіктерді болдырмау – мотивтері мүмкін болатын қиындықтарды, қолайсыздықтарды, іс-әрекетті орындамаған жағдайда туындауы мүмкін жазаларды білумен байланысты;

3. Беделділік мотивтері – жоғары әлеуметтік мәртебені алуға немесе сақтауға ұмтылумен байланысты.

4. Кәсіби мотивтер – таңдаған кәсіптік саласында қажетті білім мен дағдыларды меңгеруге, білікті маман болуға ұмтылумен байланысты.

5. Шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру мотивтері – адамның өз қабілеттерін неғұрлым толық анықтауға және дамытуға және оларды жүзеге асыруға ұмтылумен, мәселелерді шешуге шығармашылық көзқараспен байланысты.

6. Тәрбиелік-танымдық мотивтер – оқу әрекетінің мазмұнымен және оны жүзеге асыру процесімен байланысты; оқушының жаңа білімді меңгеруге, оқу дағдысына бағдарлануын айғақтау; білімге деген қызығушылықтың тереңдігімен анықталады; білім алу жолдарын өзін-өзі жетілдіруге бағыттауын көрсетеді.

7. Әлеуметтік мотивтер – студенттердің басқа адамдармен әлеуметтік қарым-қатынасының әртүрлі түрлерімен байланысты; әлеуметтік мотивтерге басқалармен қарым-

қатынаста белгілі бір позицияны иеленуге, олардың мақұлдауын алуға, беделге ие болуға ұмтылуынан көрінетін мотивтер де жатады [7].

Екінші блокта Р.Б. Кеттеллдің 16 факторлық тесті адам туралы жан-жақты ақпарат беретін әмбебап әдіс болып табылады. Сонымен қатар сіздің мінезіңіздің, сіздің жеке басыңыздың ерекшеліктерін білуге көмектесетін сұрақтар бар [8].

Тест келесідей маңызды тұлғалық сипаттарды диагностикалауға бағытталған [9]:

- Эмоциялық қатысу дәрежесі
- Логикалық талдау жасау қабілеті
- Мінез-құлық интеграциясының тиімділігі
- Үстемдік немесе тәуелділік
- Іс-әрекет бостандығы немесе шектеу
- Әлеуметтік норманың интернационализациялану дәрежесі
- Энергия потенциалының деңгейі
- Реализм мен практикалық деңгейі
- Аффективті қаттылық дәрежесі
- Өз мінез-құлқын ережелер жүйесіне бағындыра білу
- Жағдайға қанағаттанушылық және олардың рөлі
- Топтық қолдауға немесе өзін-өзі қамтамасыз етуге тәуелділік
- Өзін-өзі бақылау қабілеті

Сауалнама басқа салаларда да кең қолданылады және зерттелуші тест тапсыру нәтижесінде алатын сипаттамалардың нәтижесін ескере отырып, өзін-өзі диагностикалау тұрғысынан үлкен қызығушылық тудырады [10].

Зерттеу нәтижесі және талқылау. Әртүрлі сыныпта білім алушы оқушылардың психофизиологиялық жағдайына зерттеу мақсатында 67 гимназиясында білім алушы оқушылар ішінен 20 адам (орташа жасы 12-13 жас) электронды тестілеуден өтті. Биология білім беру саласы бойынша 10 оқушы, оның 5-уі қыздар, 5-уі ер балалар. Математика пәні бойынша 10 оқушы, оның 5-уі қыздар, 5-уі ер балалар. «Оқушылардың психофизиологиялық сипаттамалары» компьютерлік бағдарламасын қолдана отырып, сауалнама жүргізілді. Барлық тармақтар бойынша алынған ұпайлар қорытындыланды.

Өмір сапасы мен қанағаттану деңгейін бағалаудағы талдау ММС және БС қыздарының коммуникация саласына жақын екендігі, ал ММС және БС ұлдар - физикалық денсаулық және бос уақытындағы белсенділікке қанағаттанатынын көрсетті (сурет 1). Жастардың қоршаған орта жағдайын бағалау өмір сапасы мен белгілі бір аймақтың маңыздылығы көрсеткіштерінің призması арқылы (мысалы, ұлдар арасындағы қарым-қатынас үшін белсенді бос уақытты өткізу мүмкіндігі) ұлдар мен қыздар үшін әртүрлі түрде жүзеге асырылуы мүмкін деп болжауға болады.

Өмір сапасы мен қанағаттану сауалнамасы



Ескерту: * - бақылаумен салыстырғанда сенімділік ($P < 0,05$).

Сурет 1 Өмір сапасы мен қанағаттану сауалнамасы

Биология сабағы бойынша қыздардың физикалық денсаулығының сенімділігі математика сабағы бойынша алынған қыздарына қарағанда жоғары ($p < 0,05$), ал математика сабағы бойынша алынған ұлдардың коммуникация саласына сенімділігі биология сабағы бойынша алынған ұлдарға қарағанда жоғары ($p < 0,05$).

Барлық шкала мәндерін (1-ден 10-ға дейін) қолдана отырып, 10 балдық шкала бойынша 32 сұраққа жауап беру керек: 1 - "мүлдем маңызды емес", "мүлдем келіспеймін"; 5 - "кейде маңызды", "белгілі бір дәрежеде келісемін"; 10 - "өте маңызды", "толық келісемін".

Биология сабағы бойынша ұлдары (сурет 2) «қызмет ету» шкаласы бойынша математика сабағы бойынша алынған ұлдарына қарағанда пайыздық көрсеткіші – 5 % -ға аз екендігі анықталды. Мұндай адамдар "адамдармен жұмыс жасауды", "адамзатқа қызмет етуді", "адамдарға көмектесуді" және т.б. таңдайды.



*Ескерту: * - бақылаумен салыстырғанда сенімділік ($P < 0,05$).*

Сурет 2 Биология пәні бойынша алынған қыздар


Биология пәні бойынша алынған қыздарының кәсіпкерлікке деген сенімділігі математика сабағы бойынша алынған қыздарына қарағанда жоғары ($p < 0,05$).



*Ескерту: * - бақылаумен салыстырғанда сенімділік ($P < 0,05$).*

Сурет 3 ММС қыздар

Биология пәні бойынша алынған және математика пәні бойынша алынған ұлдары арасында да оқу-танымдық мотивтер бірінші орында. Кәсіби мотивтер екінші орынға шықты (сурет 4).



*Ескерту: * - бақылаумен салыстырғанда сенімділік ($P < 0,05$).*

Сурет 4 Оқушылардың оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі (ұлдар)

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу келесі қорытындыны жасауға мүмкіндік береді:

1. Әр түрлі сыныпта білім алушы оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктері, өмірге деген қанағаттанушылығы ұл балалардың қыз балаларға қарағанда 4-5% - ға жоғары екендігін анықталды. Сауалнама жүргізу барысында, өзін-өзі ұстау, өмірге деген қанағаттанушылық шкалалары ұл балаларда жоғары, ал қыз балаларда адаптация мен дезадаптация жоғары екендігі сыртқы факторлардың әсерінен екендігі белгілі болды.

2. Оқушы кезде мансаптық бағдарларды білу болашақ кәсіби жолды жоспарлау үшін маңызды. Басымдық кәсіптік бағдарды таңдау кәсіптік дайындық кезеңіне байланысты, ММС оқушыларына қарағанда БС оқушылары кәсіпкерлікке бағыттылық көбірек тән. Автономияға келетін болсам, БС (ұлдар), ММС (ұлдар) 17%, БС (қыздар) 18% ММС (қыздар) 20% - ды құрады. Айырмашылығы 1-2 % , бұл айырмашылықтың айтарлықтай көп болмауының себебі қыз балалар мен ұлдардың кәсіп пен мансапқа деген қызығушылығының бірдей болуында. Жаңа заманға сәйкес феминизм, яғни әйел адамдар мен ер адамдардың құқықтарының тең деген тіркестің пайда болуы. Қыз балаларда қазіргі таңда кәсіпке, мансапқа байланысты мақсат құруда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Асипова Н.А., Мамырова М.И. Студенчество как особая социальная группа в контексте этнокультурной социализации // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2018. – № 6. – С. 175-179;
- 2 Якунин, В.А. Психология учебной деятельности студентов. – М.: Академия, 1994. – 23
- 3 Чередниченко Г.А. Молодёжь России: социальные ориентации и жизненные пути (Опыт социологического исследования). – СПб.: РХГИ, 2004.
- 4 Братченко, С.Л., Миронова, М.Л. Личностный рост и его критерии. // Психологические проблемы самореализации личности / под. ред. А.А. Крылова, Л.А. Коростылевой. СПб.: Прайм-Еврознак, 1997. – с. 38 – 46;
- 5 Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1997. С. 608
- 6 Кон И.С. Психология ранней юности. – М., 1989. – 300 с.
- 7 Ганзен В.А. К системному описанию онтогенеза человека // Психология развития: хрестоматия / В.А. Ганзен, Л.А. Головей; СПбГУ, Кафедра психологии развития и дифференц. психологии. – СПб.: ПИТЕР, 2001. – С. 80–97
- 8 Абдулина, О.А. Личность студента в процессе профессиональной подготовки / О.А. Абдулина // Высшее образование в России. – 1993. – №3. – С. 23–24.

9 Руткевич М.Н. Социология образования и молодежи: Избранное (1965 - 2002). – М.: Гардарики, 2002.

10 Коссов, Б.Б. О некоторых законах восприятия, различения и опознания простых и сложных объектов [Текст] / Б.Б. Коссов // Вопросы психологии. - 2003. - № 1. - С. 50-60.

ӘОЖ 372.8

ОҚУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ФОРМАСЫ - LESSON STUDY

Нурсейтова С.К., Жолдыбаева К.Б., Қуанбаева А.А., Ануарбек М.К.

nurseitova_s@krg.nis.edu.kz, zholdybayeva_k@krg.nis.edu.kz,

kuanbaeva86@mail.ru, anuarbek_m@krg.nis.edu.kz

Қарағанды қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
Биология пәнінің мұғалімдері

Lesson Study немесе зерттеу сабағын жоспарлау, оқыту, бақылау, оқу мен оқытуды талдау және қорытындылау сияқты бірлесіп жұмыс істейтін мұғалімдер тобын қамту арқылы жүзеге асырылады. Lesson Study әдісін жүргізген кезде мұғалімдер әртүрлі педагогикалық тәсілдерді өзгертті немесе жетілдіре алды, содан кейін олар жалпыланды және ашық әдістеме арқылы әріптестеріне берілді.

Lesson Study-дің ерекшелігі мынада: Сабақты жоспарлау – бұл мұғалімдер ұжымы жүзеге асыратын ұзақ мерзімді үдеріс болды; Сабақтарды өзгертуге және жақсартуға бағытталған тәжірибелік және зерттеушілік сипатта орындалды; Жүйелі түрде деректерді жинау және талдау арқылы белгілі бір сыныптағы негізгі оқу мәселесін шешілді:

Топтық жұмыс, ерекше қызығушылық танытқан мұғалімдер тобы белгілі бір сыныпта оқытудағы өзекті мәселені шешу үшін зерттеу сабағының үш циклі бойынша зерттеу жүргізді; Ис-әрекетті зерттеудің үш циклі кезінде нақты рефлексия мен нақты нәтижелерді алу үшін талқылау мен талдау қызметтеріне ерекше көңіл бөлінді; Жинақталған жұмыс тәжірибесін жариялау және тарату мақсатында үш цикл бойынша сабақ-зерттеу жұмыстарының бүкіл үдерісіне толық қорытындылау жасалынды.

Кілт сөздер: Lesson Study/ зерттеу сабағы, оқыту және зерттеу, шығармашылық топ, АВС оқушылары, «оқушылардың дауыстары», бағалау критерийлері, көшбасшы, ынтымақтастық.

Қазіргі заманғы мектеп серпінді жаңару сатысында тұр, оқытудың мазмұнын, ұйымдық нысандарын, сондай-ақ инновациялық технологияларын үнемі жетілдірілуде. ХХІ ғасырда ғылыми-техникалық үдеріс жеті қадаммен алға жылжығанда, стандартты емес ойлай білетін, түбегейлі шешімдер қабылдай алатын шығармашылық тұлғаларға қажеттілік туындайды. Заманауи білім беру жүйесі осындай тұлғаларды дайындауға көмектеседі. Қазіргі уақытта баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған білім беру жүйесі бәсекеге қабілетті болып табылады. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа қоршаған ортаны өз бетінше танып білуге бейімдейді. Білім беру ортасы әртүрлі өмірлік жағдайларға бейімделе алатын және жаһандық әлемдік кеңістікке бағдарланған ұтқыр тұлғаны қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

Оқу-тәрбие процесіне заманауи технологияларды енгізу арқылы мұғалім бақылаушы, кеңесшінің қызметін одан әрі меңгереді. Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің өсуінің басты шарты-түсіну, талдау және ойлау, ал мұндай мақсаттар үшін сабақты әріптестерімен бірлесе талқылау өте пайдалы. Педагогикалық тәжірибені жақсарту үшін ең тиімді құрал Lesson Study немесе "зерттеу сабағы" болып табылады, бұл практика жапондық бастауыш мектептен бастау алған. Бұл сыныпты зерттеу, жақсарту және жетілдіру тәжірибесінің бір түрі. Lesson Study қолдана отырып, мұғалімдер демократиялық негізде сабақты зерттеп, оқу және оқыту сапасына әсер ете алады. Lesson Study мұғалімдердің оқыту және зерттеу тәжірибесін дамыту тәсілі болып